

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Новомихайлов ауылдық округінің " Мәмбетов және К" Коммандиттік серіктестігінде жылқы ринопневмониясын шектеу шараларын алып тастау туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Новомихайлов ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 7 шілдедегі № 7 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 28 шілдеде № 3847 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35, 37 баптарына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына сәйкес, Мамлют аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Новомихайлов ауылдық округі аумағында орналасқан "Мәмбетов және К" Коммандиттік серіктестігінде жылқы ринопневмониясын шектеу шараларын алып тастау туралы" 2016 жылғы 28 маусымдағы № 11-11/148 ұсынысы негізінде **ШЕШІМ** қабылдаймын:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Новомихайлов ауылдық округінің " Мәмбетов және К" Коммандиттік серіктестігінде ринопневмония ошағының жойылуына байланысты шектеу іс-шаралары алынып тасталсын.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Новомихайлов ауылдық округінің "Мәмбетов және К" Коммандиттік серіктестігінде шектеу іс-шараларын енгізуге байланысты ветеринарлық режимді белгілеу туралы" Новомихайлов ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 14 сәуірдегі № 3 (2016 жылғы 26 сәуірде № 3724 нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде тіркелген, "Знамя труда" 2016 жылғы 29 сәуірдегі №18, "Солтүстік жұлдызы" 2016 жылғы 29 сәуірдегі № 16 аудандық газеттерінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімі

Б. Уәлиев